4. Үздіксіз қарсы ағынды экстракцияның артықшылықтары мен кемшіліктері. Қолданылатын аппараттар. Құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
5. «Соклет» аппаратына циркуляциялық экстракциялау арқылы қандай майлы экстракт алынады?
6. Белен\ мендуана майлы экстракт өндірісінде қандай аппараттар қолданылады?
7. Шайқурай майлы экстракт өндірісінде қандай аппараттар қолданылады?
8. Майлы экстракттарды стандарттау.
9. Өндірісте қыздыру қалай жүргізіледі? Қандай жылутасмалдағыштар қолданылады?
10. Өңделген шикізатты сығындауға қандай пресс-фильтрлер қолданылады?
11. Майлы экстракттарды тазартуда қандай фильтрлеуші қондырғылар қолданылады? Олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері (вакум астында және қысым астында).

Тест тапсырмалары:

1. Майлы экстракттар номенклатурасы
А) мендуана, шайқурай, сасық мендуана, итмұрын, итшомырт экстракттары



- В) жусан, термопсис экстракттары
 С) итшомырт, итжидек экстракттары
 D) мия, шүйгіншөп экстракттары
 E) мыңжапырақ, долана, итжидек экстракттары
2. Майлы экстракттар өндірісіндегі шикізат пен дайын өнім қатынасы
- A) 1:1
 B) 1:5
 C) 5:1
 D) 1:10
 E) 1:2

Сабак №12

1.Тақырыбы: Жеке тапсырмалар бойынша құрғақ экстракттарды дайындау.Стан-дарттау.

2.Мақсаты: Экстрактивті заттар бойынша қою экстракттарды алу үшін есеп жүргізіп, жұмыс жазбасын дайындау, сығынды алудың тиімді әдісін таңдау,экстрагентті ғылыми түрде таңдау стандарттауды дұрыс жүргізу.

3.Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- экстракттардың дәрілік түр ретінде анықтамасы, жіктелуі;
- құрғақ экстракттардың қолданылуы номенклатурасы;
- құрғақ экстракттардың жалпы технологиялық схемасы;
- құрғақ экстракттардың технологиясының ерекшелігі;
- құрғақ экстракттар өндірісінде қолданылатын кептіргіш аппараттар;
- кептірудің теориялық негіздері, кептіргіштердің түрлері, олардың құрылыстары мен жұмыс істеу принциптері;
- кептірудің арнайы тәсілдері және олардың қолданылуы.

білім алушы істей білуі тиіс:

- берілген құрғақ экстракты дайындау үшін қажетті шикізат мөлшерін экстрактивті заттар бойынша есептеу;
- құрғақ экстракттар өндірісінде ылғалды дұрыс кетіруді жүргізу;
- құрғақ экстракттарды стандарттау.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Сабак тақырыбы бойынша қазақ және латын тіліндегі терминология.
2. Кептіру кинетикасы. Сублимация.
3. Ылғалдылықты анықтаудың физикалық әдістері.

сабак тақырыбы бойынша:

1. Экстракциялаудың теориялық негіздері. Экстракциялау әдістері.
2. Экстракттар. Анықтамасы. Жіктелуі.
3. Құрғақ экстракттар. Анықтамасы. Артықшылықтары мен кемшіліктері. Номенклатурасы. Қолданылуы.
4. Құрғақ экстракттардың жалпы технологиялық схемалары. Сығынды алу әдістері. Қолданылатын аппараттар мен қондырғылар.
5. Құрғақ экстракт өндірісіндегі сулы және спиртті сығындыларды тазартудың негізгі әдістері.
6. Сығындыны қоюландырудың ерекшелігі.Кептіргіш аппараттар.
7. Сығындыны қоюландырусыз кептірудің ерекшелігі.
8. Құрғақ экстракттарды стандарттау. Сақталуы. Қолданылуы.
9. Құрғақ экстракттардың жеке технологиялары.
10. Кептіру. Теориялық негіздері. Кептіру кинетикасы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/19- 2024-2025 44 беттің 32 беті

11. Кептіргіштердің түрлері. Контактты және ауа кептіргіштерінің жұмыс істеу принциптері.
12. Кептірудің арнайы тәсілдері. Қолданылуы.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Білім алушытер жеке лабораториялық жұмыстарды атқарулары керек:

Тапсырма N 1. Оқытушының тапсырмасы бойынша берілген бір құрғақ экстрактқа лабораториялық регламент жазып, технологиялық және аппаратуралық схемасын сызу. 5,0-6,0 г құрғақ экстракттарды экстрактивті заттар бойынша дайындау үшін керекті бастапқы шикізатты есептеу («Руководство к лабораторным занятиям по заводской технологии лекарственных форм». –под. Ред. Чл.-корр. АМН СССР Тенцовой А.И.-М.-1986).

Зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін керекті құрғақ экстракттардың номенклатурасы:

- а) алтей тамырының құрғақ экстракты
- б) жусан құрғақ экстракты
- в) мыңжапырақ құрғақ экстракты

Тапсырма N 2. Құрылған регламент бойынша есептелген бастапқы шикізаттан сығынды алу .Оларды тандалған әдіспен тазарту. Стандартты ылғалдылыққа дейін қоюландыру (буландыру) және өлшеу (құрғақ экстрактың массасын анықтау). Алынған массанын 10 %лактозаны (глюкоза) қосып сүзбе тәріздес масса алынғанша араластыру керек, сосын пергамент қағазына салып кептіргіш шкафта 50 °С температурада кептіріп салмағын өлшеу қажет (құрғақ экстрактың массасын анықтау).

Тапсырма N 3. Құрғақ экстрактқа лабораториялық регламент жазу. Материалдық баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

Тапсырма N 4. Құрғақ экстракттардың номенклатуралық тізімін құрастыру. Экстрагентін, дайындау әдісін, қолданылуын және сақтау шарттарын көрсетіңіз.

5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері/ технологиялары: Зертхана-лық жұмыс. Шағын топтардағы жұмыс.

6.Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, жағдайлық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7.Әдебиеттер

негізгі:

3. Устенова, Г. О. Экстракциялық препараттардың технологиясы [Мәтін] : оқу құралы / Г. О. Устинова, А. Ш. Амирханова. - М. : "Литтерра", 2019. - 256 с.
4. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Ф. М. Жуманазарова. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б. С
5. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер, Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с
6. Устенова, Г. О. Применение сверхкритической углекислотной экстракции в фармацевтической технологии / М-во здравоохранения РК; Каз. нац. ун-т им. С. Д. Асфендиярова Алматы : Эверо, 2012. - 100 с
7. Арыстанова Т. А. Биологиялық материалдан экстракция әдісі арқылы окшауланатын улы және күшті әсерлі заттар топтары: химия-фармацевтикалық факультетінің IV-курс білім алушытеріне арналған оқу құралы - Алматы : Эверо, 2012

қосымша:

8. Машковский М.Д. Лекарственные средства. Харьков, - 2008. – Изд. 15.
9. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
10. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
11. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы. – Алматы.– 2011. – 346 б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/19- 2024-2025 44 беттің 33 беті

12. Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм.– Шымкент.– 2003.– 166 с.

8.Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Ситуациялық есептер:

Есеп 1. Құрамында 22% морфин бар опийдің 30 кг құрғақ экстракты алынды. Өнімді қалай нормаға келтіруге болады? (Морфиннің стандартты құрамы 19,6%-20,4%). Экстрактың жалпы салмағы қанша болады?

Есеп 2. Ылғалдылығы 12% болатын 420 кг алтей тамырының құрғақ экстракты алынды. Құрғақ экстракта қалдық ылғалдың мөлшері қанша болуы керек? Экстракта ылғалдың мөлшері қанша пайызға жоғары? Артық ылғалды кетіргеннен кейінгі дайын өнімнің массасы қанша болады?

Есеп 3. Құрамында 18% (нормада 16%) алкалоиды чилибуха экстракты алынды. бар 42кг мия тамырының қою экстракты алынды. Экстракты қалай нормаға келтіруге болады ?

Бақылау сұрақтары:

1. Экстрактардың анықтамасын беріңіз. Консистенциясы және қолданылуы бойынша жіктелуі. Номенклатурасынан мысал келтіріңіз.
2. Құрғақ экстрактарды алудың жалпы технологиялық сатыларын атаңыз.
3. Құрғақ экстрактардың сығындыларын алу тәсілдері. Қандай аппараттар қолданылады.
4. Үздіксіз қарсы ағынды экстракцияның артықшылықтары мен кемшіліктері. Қолданылатын аппараттар. Құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
5. Сығындыны қоюландыру қалай жүргізіледі? Қолданылатын аппараттар. Қандай буландырғыш қондырғыларды білесіз? Жұмыс істеу принциптері.
6. Алдын-ала қоюландырылған сығындыны кептіру қалай жүргізіледі? Ол үшін қандай кептіргіш қолданылады? Олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
7. Сығындыны алдын-ала қоюландырусыз кептіру қалай жүргізіледі? Ол үшін қандай аппараттар қолданылады? Олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
8. Құрғақ экстрактарды стандарттау қалай жүргізіледі?
9. Кептіру дегеніміз не? Диаграмма және формула көмегімен кептірудің кинетикасын көрсетіңіз? Кептіру процесі қандай периодтардан тұрады?
10. Кептіргіштердің түрлері.
11. Қандай кептіргіштер конвективтіге жатады (ауамен)? Жұмыс істеу принциптері мен конструктивті құрылысының ерекшелігі.
12. Қандай кептіргіштер контактіліге жатады? Жұмыс істеу принциптері мен конструктивті құрылысының ерекшелігі.
13. Кептірудің қандай арнайы тәсілдерін білесіздер? Олар қалай жүзеге асады? Қандай жағдайда қолданылады?

Сабақ №13

1.Тақырыбы: Жаңа өсімдік шикізатынан және арнайы дайындалған шикізаттардан алынған препарат-тар. «Аллилчеп» препаратын дайындау. Алоэ жапырақтарының экстрактысын дайындау.

2.Мақсаты: Жас өсімдік шикізаттарынан алынатын экстрациондық препараттарға жұмыс жазбасын және есеп жүргізуді үйрену, мысалы «Аллилчеп» препараты, сығынды алудың ең тиімді жолын таңдау, таңдалған тазарту әдісін ғылыми тұрғыда қолдану, технологиялық процесті дұрыс жүргізу. Теориялық материалдарды оқу негізінде және іс-тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында, биогенді стимуляторлардың препараттарын дайындауды (алоэ экстрактын және сөлін алу арқылы) үйрену. Сығынды алудың тиімді әдісін таңдай білу, тазарту әдістерін білу және тұрақтандыруды үйрену, технологиялық процесті дұрыс жүргізуді үйрену.

3.Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:



- Жас өсімдік шикізаттарынан алынатын препараттардың негізгі топтары, номенклатурасы;
 - Жас өсімдік шикізаттарын экстракциялау әдістері, экстрагенттер, олардың қатынасы;
 - Шырындар мен сөлдер өндірісінде өделген шикізатты тазарту және бөлу әдістері, қолданылатын қондырғылар;
 - жас өсімдік шикізаттарынан алынған препараттарды стандарттау;
 - жас және арнайы дайындалған өсімдік шикізатынан алынатын препараттардың негізгі топтары;
 - тканьдік терапияның негізгі теориялық жағдайлары;
 - биогенді стимуляторлардың химиялық табиғаты және физико-химиялық қасиеттері;
 - биогенді стимуляторлар препараттарының номенклатурасы;
 - биогенді стимуляторлар препараттарының жеке технологиялары;
- білім алушы істей білуі тиіс:**
- жас өсімдік шикізаттын дайындауға қажетті жағдайларды дұрыс таңдай білу;
 - жас өсімдік шикізаттын экстракциялаудың дұрыс әдісін және технологиялық аппараттарды дұрыс таңдау;
 - технологиялық режимді қатаң сақтай отырып, «Аллилчеп» препаратын алу технологиясын дұрыс жүргізу;
 - жас өсімдік шикізатынан алынған препараттарды дұрыс стандарттау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Сабақ тақырыбы бойынша қазақ және латын тіліндегі терминология.
2. Өсімдік шикізаты құрамындағы биологиялық белсенді экстрактивті заттардың сипаттамасы.
3. Клетканың биофизикасы: тургор түсінігі.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Жас өсімдік шикізаттарынан дайындалатын препараттардың негізгі топтары және номенклатурасы..
2. Жас өсімдік шикізатының ерекшелігі. Тургор түсінігі. Жас өсімдік шикізатының құрамында болатын биологиялық белсенді заттар.
3. Жас өсімдік шикізаттарын майдалау аппараттары, олардың құрылысы және жұмыс істеу принциптері.
4. Жас өсімдік шикізатын экстракциялау әдістері, қолданылатын экстрагенттер және олардың қатынасы.
5. Сөлдер, шырындар өндірісінде өңделген шикізатты сығындау және тазарту әдістері, қолданылатын қондырғылар.
6. Жас өсімдік шикізатынан алынатын препараттарды тұрақтандыру.
7. Жас өсімдік шикізатынан алынатын препараттарды стандарттау.
8. Жас өсімдік препараттарының жеке технологиясы. Шығарлу түрлері. Қолданылуы, сақталуы.
9. Ұлпалық терапияның негізгі теориялық жағдайлары.
10. Биогенді стимуляторлардың пайда болуына әсер ететін факторлар.
11. Биогенді стимуляторлардың химиялық құрылысы және физико-химиялық қасиеттері.
12. Биогенді стимуляторлар препараттарының номенклатурасы. Биогенді стимуляторлар препараттарын алудың негізгі тәсілдері.
13. Алоэ экстрактының, ФиБС, пелоидодистилляттың жеке технологиялары. Биогенді стимуляторлар препараттарын стандарттау. Олардың босатылу түрлері. Қолданылуы. Сақталуы.
14. Жылу процестері. Өткір және қатаң бумен қыздыру.
15. Су буымен айдауға арналған қондырғының негізгі элементтері.
16. Жылу алмастырғыштардың түрлері. Конденсаторлардың түрлері. Жас өсімдік шикізаттарының препараттары. Сипаттамасы. Жіктелуі.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ



Тапсырма N 1. Басты пияз шикізатын экстракциялау арқылы алынған «Аллилчеп» препаратына лабораториялық регламент жазып, технологиялық және аппаратуралық схемасын сызу. (алу әдістемесі «Технология лекарственных форм» /Под ред. Л.А. Ивановой, т, 2, - М.: Медицина. – 1991. - С.412-413 көрсетілген)

Тапсырма N 2. Арнайы дайындалған ағаш тәрізді алоэ шикізатынан экстракциялау арқылы алынатын алоэ экстрактына лабораториялық регламент жазып, технологиялық және аппаратуралық схемасын сызу (әдістемесі «Технология лекарственных форм» /Под ред. проф. Л.А.Ивановой – Том 2. – 1991, стр. 417-418 кітабында көрсетілген).

Тапсырма N 3. Сұйық алоэ сөлінің экстрактын дайындауға тәжірибелік регламент құрастыру және алынған «Аллилчеп» препаратына материалдық баланс құрастырып, технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

АЛОЭ ЭКСТРАКТЫСЫН АЛУ ӘДІСІ

Алоэ жапырағын биостимуляциялау үшін 10-12 тәулік қараңғы жерде, 4⁰-8⁰ температурада сақтайды. Кейін оларды жуып, кептіріп, тісшелерін алып тастап, келіде ұнтақтайды. Алынған қоймалжың массаға 3 есе көп тазартылған су құйып, бөлме температурасында тұндырады. 2 сағаттан соң қыздырамыз, 1-2 минут қайнатамыз және фильтрлейміз. Филтратты салқындатып, көлемін өлшеп, тотығуын анықтаймыз. Филтратты 0,01 н. калий перманганаты ерітіндісімен күкірт қышқылының қатысында титрлейміз. Талдаудың көрсеткіштеріне сай филтратты (тотығуы 1500 мг 1 л-ге болғанша) сумен сұйылтады. Кейін натрий хлоридін (1 л-ге 7г) тұрақтандыру үшін қосып, 2 мин. қайнатады және фильтрлейді. Алоэның сулы экстракты ашық сары түстен қызыл сары түске дейінгі мөлдір сұйықтық.

Инъекцияға арналған препаратты дайындау үшін мөлдір экстракты (рН 5,0-6,8) ампулаларға 1 мл-ден құйып, 120⁰ температурада 1 сағат стерильдейді. Қараңғы жерде сақтайды.

5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері/ технологиялары: Зертхана-лық жұмыс. Шағын топтардағы жұмыс.

6.Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, жағдайлық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7.Әдебиеттер

негізгі:

1. Устенова, Г. О. Экстракциялық препараттардың технологиясы [Мәтін] : оқу құралы / Г. О. Устинова, А. Ш. Амирханова. - М. : "Литтерра", 2019. - 256 с.
2. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Ф. М. Жуманазарова. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б. С
3. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер, Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с
4. Устенова, Г. О. Применение сверхкритической углекислотной экстракции в фармацевтической технологии / М-во здравоохранения РК; Каз. нац. ун-т им. С. Д. Асфендиярова Алматы : Эверо, 2012. - 100 с
5. Арыстанова Т. А. Биологиялық материалдан экстракция әдісі арқылы окшауланатын улы және күшті әсерлі заттар топтары: химия-фармацевтикалық факультетінің IV-курс білім алушытеріне арналған оқу құралы - Алматы : Эверо, 2012

қосымша:

6. Машковский М.Д. Лекарственные средства. Харьков, - 2008. – Изд. 15.
7. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы». – 2008. – 592 с.
8. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 2. – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы». – 2009. – 792 с.
9. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы. – Алматы. – 2011. – 346 б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/19- 2024-2025 44 беттің 36 беті

Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм.– Шымкент.– 2003.– 166 с.

8.Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Жас өсімдік шикізатын дайындау және экстракциялау ерекшеліктері. Жас өсімдік шикізаты препараттары өндірісінің қиындықтары неден туындайды?
2. Жас өсімдік шикізатынан алынатын препараттардың жіктелуі мен номенклатурасы және қысқаша сипаттамасы.
3. Жас өсімдік шикізатын қалай ұнтақтайды және осы мақсатта қандай машиналар қолданылады.
4. Жас өсімдік шикізатынан тұндырмаларды алу ерекшелігі. Оларды қандай көрсеткіштері мен белгілері арқылы стандарттайды?
5. Сөлдер өндірісінің жалпы технологиялық схемасы қандай?
6. Жолжелкен сөлінің технологиялық ерекшелігі?
7. Алоэ және каланхоэ сөлдерін алудың ерекшелігі қандай және ол немен түсіндіріледі? Бұл сөлдерден қандай дәрілік түрлер алынады?
8. Фитонцид препараттарының номенклатурасы. Жалпы технологиясы және өндіріс ерекшелігі қандай?
9. Фитонцид препараттарының өндірісінде сығындыларды тазартуда қандай әдістер қолданылады? Қолданылатын құрылғыға сипаттама беріңіз.
10. Фитонцид препараттарын қалай стандарттайды? Шығарлу түрі қандай? Қолданылуы?
11. Ұлпалық терапия. Оның негізгі жағдайлары.
12. Жануарлар мен өсімдіктердің оқшауланған ұлпаларында биогенді стимуляторлардың синтезделуіне қандай факторлар әсер етеді? Биогенді стимуляторлар препараттары өндірісінде бастапқы шикізатты арнайы дайындау үшін қандай факторларды қолданады?
13. Биогенді стимуляторлардың химиялық табиғаты және физико-химиялық қасиеттері.
14. Биогенді стимуляторлар препараттарының номенклатурасы.
15. Биогенді стимуляторлар препараттары өндірісінде қандай негізгі тәсілдер қолданылады?
16. Алоэ сұйық экстрактын алудың ерекшелігі неде? Берілген препаратты қалай стандарттайды?
17. Биосед препаратын қандай шикізаттан алады? Препараттың алыну ерекшеліктері мен қолданылуын көрсетіңіз.
18. Лиман балшығынан алынатын препараттарды атаңыз, олардың технологиясының ерекшеліктері қандай?
19. Пелоидин және пелоидодистиллят өндірістерінің айырмашылықтары мен ерекшеліктері неде?
20. Биогенді стимуляторлар препараттары қандай дәрілік түр ретінде босатылады? Олар қалай қолданылады? Сақталуы.
21. Жас өсімдік шикізатын дайындау және экстракциялау ерекшеліктері. Жас өсімдік шикізаты препараттары өндірісінің қиындықтары неден туындайды?
22. Жас өсімдік шикізатынан алынатын препараттардың жіктелуі мен номенклатурасы және қысқаша сипаттамасы.
23. Жас өсімдік шикізатын қалай ұнтақтайды және осы мақсатта қандай машиналар қолданылады.

Тест тапсырмалары:

1. Биогенді стимулятор – бұл
 - А) оқшауланған өсімдік және жануарлар ұлпасында қолайсыз жағдайларда түзілетін заттардың препараттары
 - Б) дәрілік өсімдік шикізатынан қыздырусыз және экстрагентті аластатусыз алынатын биологиялық белсенді заттардың спиртті сығындылары
 - С) дәрілік өсімдік шикізатынан экстрагентті толық немесе жартылай аластатумен алынған биологиялық белсенді заттардың концентрлі сығындылары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/19- 2024-2025 44 беттің 37 беті

Д) жас өсімдік шикізатынан сығындау жолымен бөлінген және биологиялық белсенді заттары табиғи күйде болатын қою немесе қою емес шырындар

Е) биологиялық белсенді заттары табиғи күйде болатын, балласты және басқа да ілеспелі заттардан толық тазартылған дәрілік өсімдік шикізатының сығындылары

2. Үздіксіз қарсы ағынды экстракциялауда процестің ұзақтығы ... себептерінен қысқарады.

А) экстракциялау ортасында шикізатты араластыру және қосымша ұнтақтау, жаңа экстрагенттің берілу бағытына қарсы шикізатты үздіксіз жылжыту және концентрация жоғары айырымын сақтау, қыздыру

В) жаңа экстрагенттің берілу бағытына қарсы шикізатты үздіксіз жылжыту, суытуды пайдалану

С) жаңа экстрагенттің берілу бағытына қарсы шикізатты үздіксіз жылжыту, берілетін шикізат мөлшерін азайту

Д) жаңа экстрагенттің берілу бағытына қарсы шикізатты үздіксіз жылжыту және концентрацияның жоғары айырмашылығын сақтау, берілетін шикізат мөлшерін азайту, суыту

Е) шикізат қабаты арқылы төменнен жоғары экстрагентті жылжыту

Сабақ № 14

1.Тақырыбы: Дәрілік шикізаттан алынатын максималды тазартылған (жаңа галенді) препарат-тар. Адонизид, лантозид, эрготал препараттарды алу технологиялық схемаларын құрастыру. Адонизидті алу

2.Мақсаты: Теориялық материалдарды оқу негізінде алған білімді бекіту. Жаңа галендік препараттардың иехнологиялық ерекшеліктерін меңгеру, сығындыларды балласты және қосалқы заттардан біріншілік және терең тазарту әдісімен жүргізу. Өсімдік шикізаттарынан бөлінетін экстрактивті заттардың жеке технологиясын меңгеру.

3.Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- жаңа галендік препараттар өндірісінің технологиялық схемасы;
- біріншілік және терең тазарту тәсілдері;
- жаңа галендік препараттарды алуға қолданылатын аппараттар;
- жеке заттардың препараттарының артықшылықтары;

білім алушы істей білуі тиіс:

- сығындыларды біріншілік және терең тазартуды дұрыс жүргізу;
- препаратты стандарттау;
- әсер етуші заттар бойынша материалдық баланс құрастыру және технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.

4.Тақыптың негізгі сұрақтары

негізгі білім бойынша:

1. Сабақ тақырыбы бойынша латын және қазақ терминологиясы.
2. Өсімдік шикізатының биохимиялық құрамы.
3. Сорбция, дегидратация, сұйықтықты экстракцияның теориялық негіздері.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Экстракциялаудың теориялық негізі.
2. Экстракциялау әдістері. Қолданылатын аппараттар.
3. Жаңа галендік препараттар. Анықтамасы. Жіктелуі. Номенклатурасы.
 4. Жаңа галендік препараттар өндірісінің жалпы технологиялық схемасы.
 5. Жаңа галендік препараттар өндірісінде қолданылатын экстрагенттер.
 6. Жаңа галендік препараттар өндірісінде сығындыларды біріншілік тазарту тәсілдері. Фракциялық тұндыру. Оның негізгі тәсілдері. Олардың негізінде жатқан әсер ету механизмі. Қолданылатын аппараттар.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/19- 2024-2025 44 беттің 38 беті

7. Жаңа галендік препараттар өндірісінде сығындыларды терең (толық) тазарту тәсілдері.
8. Сорбция түрлері (адсорбция, адсорбция, хемосорбция). Қолданылатын аппараттар (абсорбер, адсорбер) және қондырғылар. Олардың құрылыстары мен жұмыс істеу принциптері.
9. Диализ және электродиализ. Олардың механизмдері. Қолданылуы. Қолданылатын аппараттардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
10. Сұйықтықты экстракция, оның механизмі. Қолданылатын қондырғының құрылысы мен жұмыс істеу принциптері.
11. Қайтакристаллизациялану массаалмасудың жеке жағдайы ретінде. Қайтакристаллизациялау жағдайлары, қолданылатын қондырғылар.
12. Жалынгүл, дигиталис, үлкен жолжелкен, меруертгүл, спорынья, раувольфияның жаңа галендік препараттарының жеке технологиялары.
13. Жаңа галендік препараттарды стандарттау, оларды босату түрлері.
14. Өсімдік шикізатынан алынған жеке заттардың препараттары. Номенклатурасы. Жіктелуі. Қолданылуы. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
15. Жеке заттардың препараттарын алудың жалпы технологиясы. Қолданылатын экстрагенттер. Сығындыны тазарту және бөлу тәсілдері. Қолданылатын технологиялық қондырғы.
16. Жеке препараттардың технологиялары: дигитоксин, целанид, эрготамин гидротартрат. Жеке препараттарды стандарттау. Олардың босатылу түрлері.

БІЛІМ АЛУШЫТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСЫ

Білім алушытер келесі тапсырмаларды орындаулары қажет:

Тапсырма N 1. Адонизмд өндірісіне тәжірибелік регламент құрастыру.

Тапсырма N 2. Адонизидтің берілген мөлшерін циркуляциялық экстракциямен алу. Экстрагент: 96% этанол және (5:95) хлороформ қоспасы. Ол үшін:

а) бастапқы шикізат пен экстрагенттің мөлшерін есептеу. Өсімдік шикізатын алдын – ала ісіндіріп қою керек.;

б) алынған сығындыны біріншілік және толығымен тазарту, стандарттау.

в) дайын өнімді стандарттау.

Тапсырма N 3. Эсер етуші заттар бойынша материалдық баланс құрастыру.

Тапсырма N 4. "Руководства к лабораторным занятиям по заводской технологии лекарственных форм" (Тенцова А.И. - М., 1986 г) оқулығындағы 190-192 беттердегі есептерді шығару.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері/ технологиялары: Зертхана-лық жұмыс. Шағын топтардағы жұмыс.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, жағдайлық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7. Әдебиеттер

негізгі:

1. Устенова, Г. О. Экстракциялық препараттардың технологиясы [Мәтін] : оқу құралы / Г. О. Устинова, А. Ш. Амирханова. - М. : "Литтерра", 2019. - 256 с.
2. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Г. М. Жуманазарова. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б. С
3. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер, Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с
4. Устенова, Г. О. Применение сверхкритической углекислотной экстракции в фармацевтической технологии / М-во здравоохранения РК; Каз. нац. ун-т им. С. Д. Асфендиярова Алматы : Эверо, 2012. - 100 с
5. Арыстанова Т. А. Биологиялық материалдан экстракция әдісі арқылы окшауланатын улы және күшті әсерлі заттар топтары: химия-фармацевтикалық факультетінің IV-курс білім алушытеріне арналған оқу құралы - Алматы : Эверо, 2012

**қосымша:**

6. Машковский М.Д. Лекарственные средства. Харьков, - 2008. – Изд. 15.
7. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
8. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
9. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы. – Алматы.– 2011. – 346 б.
10. Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм.– Шымкент.– 2003.– 166 с.

8.Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

1. Экстракциялау процесінің жылжу күшіне не жатады?
2. Экстракциялаудың жылдамдығына және толықтығына қандай факторлар әсер етеді?
3. Экстракциялаудың қандай әдістерін білесіздер? Олар қалай және қандай аппараттарда жүргізіледі?
4. Жаңа галендік препараттар дегеніміз не? Артықшылықтары мен кемшіліктері. Жіктелуі. Мысал келтіріңіздер.
5. Жаңа галендік препараттарды алудың жалпы схемасы. Олардың өндірісінде экстракциялаудың қандай тәсілдері қолданылады?
6. Біріншілік тазартудың қандай тәсілдерін білесіздер?
7. Спирттік тазартудың, тұздықтаудың, ауыр металдар тұздарымен тұнбаға түсірудің, денатурацияның, еріткішті ауыстырудың механизмі.
8. Сығындыны сапониндер мен хлорофилден қандай тәсілмен тазартады? Тазарту қалай жүргізіледі?
9. Сығындыларды толығымен (терең) тазарту тәсілдері.
10. Сұйықтықтық экстракцияның механизмі қандай? Олар қандай жағдайда, қандай аппаратта, қалай жүргізіледі?
11. Сорбцияның қандай түрлерін білесіздер? Сипаттама беріңіздер.
12. Сығындыларды тазарту үшін қандай адсорбенттер қолданылады? Қандай аппараттарда?
13. Хемосорбция дегеніміз не? Сорбенттер ретінде не қолданылады?
14. Тазарту тәсілі ретінде диализдің механаизмі қандай? Сорбент ретінде не қолданылады?
15. Құрамында жүрек гликозидтері бар жаңа галендік препараттарда илік заттар неліктен болмауы керек? Олардан қалай тазартады?
16. Жаңа галендік препараттар өндірісінде қандай экстрагенттер қолданылады? Неліктен?
17. Жаңа галендік препараттар қалай стандартталады? Қалай босатылады?
18. Жалынгүл, оймақгүл, үлкен жолжелкен, қара күйе, меруертгүл препараттарының жеке технологияларының ерекшеліктері неде?
19. Жеке заттар препараттарының артықшылықтары? Олардың номенклатурасы.
20. Жеке заттар препараттарының алынуының жалпы схемасы.
21. Бұл топтың сығындыларын алу өндірісінде қолданылатын экстрагентті таңдау үшін неге сүйенеді?
22. Алынған сығындыдан әсер етуші заттар суммасын қандай тәсілдермен бөліп алады?
23. Өсімдік шикізатынан алынған сығындыны тазартудың ерекшеліктері.
24. Дигитоксин, целанид, эрготамина гидротартрат препараттарының жеке техноологияларының ерекшеліктері.

Тест тапсырмалары:

1. Жаңа галендік препараттар – бұл
 | дәрілік өсімдік шикізатынан алынған, құрамында биологиялық заттары табиғи күйде болатын, балласты және қосымша ілеспелі заттардан толық тазартылған сығындылар
 | қыздырусыз және экстрагентті аластатпай, дәрілік өсімдік шикізатынан алынатын биологиялық белсенді заттардың спирттік сығындысы

- | экстрагентті толық немесе жартылай аластату арқылы алынған, дәрілік өсімдік шикізатының концентрлі сығындылары
 - | бөліп алынған өсімдік және жануарлар ұлпасында қолайсыз жағдайларда түзілетін заттардың препараттары
 - | құрамында биологиялық белсенді заттары табиғи күйде болатын және жас өсімдік шикізатынан сығу арқылы алынған қою және қою емес шырындар
2. Жаңа галенді стероидты сапониндер препараттары
- | диаспонин, полиспонин
 - | фламин, эрготал
 - | адонизид, коргликон, кордигит
 - | рамнил, раунатин, плантоглоцид
 - | ависан, гитален, даукарин
3. Диализ механизмі ... аяқталады.
- | диффузия жолымен жартылай өткізгіш мембрана арқылы сығындыны биополимерлерден босатумен
 - | бір сұйықтықта еріген әсер етуші заттарды бөліп алу, заттардың әртүрлі ерігіштігіне байланысты бірінші сұйықтықпен араласпайтын басқа сұйықтық көмегімен экстракциялаумен
 - | қатты заттың ерітіндіден бір немесе бірнеше компоненттерді таңдамалы жұтуымен
 - | жоғары немесе төмен температура, УК-сәулелер, ультрадыбыс әсерімен сығындыдағы ақуыздарды және пектиндерді тұндырумен
 - | күшті электролиттер ерітінділерінің көмегімен гидраттық қабатын бұзу арқылы сығындыдағы биополимерлерді тұндырумен
4. Сорбция механизмі ... аяқталады.
- | қатты заттың - ерітіндіден бір немесе бірнеше компоненттерді таңдамалы жұтуымен
 - | бір сұйықтықта еріген әсер етуші заттарды бөліп алу, заттардың әртүрлі ерігіштігіне байланысты бірінші сұйықтықпен араласпайтын басқа сұйықтық көмегімен экстракциялаумен
 - | диффузия жолымен жартылай өткізгіш мембрана арқылы сығындыны биополимерден босату
 - | жоғары немесе төмен температура, УК-сәулелер, ультрадыбыс әсерімен сығындыдағы ақуыздар мен пектиндерді тұндырумен
 - | күшті электролиттер ерітінділерінің көмегімен гидраттық қабатын бұзу арқылы сығындыдағы биополимерлерді тұндырумен
5. Жүрек гликозидтерінің препараттарына ... жатады.
- | коргликон, дигален-нео, лантозид, кордигит, адонизид
 - | эрготал, раунатин
 - | диаспонин, полиспонин
 - | фламин, даукарин, платаглоцид
 - | ависан, рамнил
6. Фарм өндірісінде балласты және қосымша заттардан максималды тазартылған препарат алынды. Бұл препарат қалай аталады?
- | Жаңа галендік
 - | шырын
 - | Биогенді стимулятор
 - | Экстракт
 - | Галенді



1.Тақырыбы: Жануар шикізаты-нан алынатын дәрілік препараттар (органопрепа-раттар). Жіктелуі. Ішке және парен-теральді қолданы-латын органопре-параттарды алу әдістері. Жеке технологиясы.

2.Мақсаты: Тақырып бойынша теориялық материалдарды меңгеру. Сыртқа, ішке және парентеральды қолданылатын органдық препараттардың технологиялық ерекшеліктерін меңгеру. Баластты және қосымша заттардан бөліндіні біріншілік және терең тазарту әдістері. Жануар және микробиологиялық шикізаттардан бөлінетін жеке экстракциялық заттардың технологиясын меңгеру.

3.Оқыту мақсаты:

білім алушы білуі тиіс:

- органдық препараттар өндірісінің жалпы әдістері;
- бастапқы шикізаттың ерекшелігі, сақтау жағдайы және өңдеу;
- Сыртқа, ішке және парентералды қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы;
- қолданылатын қондырғылар.

білім алушы істей білуі тиіс:

- жануар шикізатынан алынатын экстрактивті заттардың соммасын экстрагент пен технологиялық процесті дұрыс таңдау арқыры шығару,
- сығындыны біріншілік және терең тазартуды жүргізуді;
- сыртқа, ішке және парентералды қолданылатын органдық препараттарды стандарттауды жүргізу.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

негізгі білім бойынша:

1. Сабақ тақырыбы бойынша латын және қазақ терминологиясы.
2. Экстракциялаудың теориялық негізі, дегидратация, сұйықтық экстракция.

сабақ тақырыбы бойынша:

1. Органдық препараттардың анықтамасы және номенклатурасы.
2. Қолданылуы бойынша, технологиялық белгісі бойынша, фармакологиялық белсенді заттардың сипаты бойынша органдық препараттардың жіктелуі.
3. Бастапқы шикізаттың ерекшелігі, сақтау жағдайы және өңдеу.
4. Органдық препараттар өндірісінің жалпы әдістері. Органдық препараттар өндірісіндегі негізгі талаптар, экстрагентті таңдауда, процестің технологиялық режимін таңдауға.
5. Сыртқа қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы.
6. Ішке қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы.
7. Парентералды қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы.
8. Органдық препараттарды біріншілік тазарту әдістері..
9. Органдық препараттарды терең тазарту әдістері.
10. Органдық препараттардың стандарттау көрсеткіштері.
11. Органдық препараттардың шығарлу түрлері, сақталуы, қолданылуы.

5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары / әдістері/ технологиялары: Зертханалық жұмыс. Шағын топтардағы жұмыс.

6.Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері (тестілеу, жағдайлық есептерді шешу және т.б.): Ауызша сұрау ситуациялық есептерді шешу, хаттаманы тексеру

7.Әдебиеттер

негізгі:

1. Устенова, Г. О. Экстракциялық препараттардың технологиясы [Мәтін] : оқу құралы / Г. О. Устинова, А. Ш. Амирханова. - М. : "Литтерра", 2019. - 256 с.
2. Мантлер С. Н. Химиялық технологияның процестері және аппараттары : оқулық / С. Н. Мантлер, Ф. М. Жуманазарова. - ҚР БҒМ ұсынған. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 б. С
3. Мантлер С. Н. Процессы и аппараты химической технологии : учебное пособие / С. Н. Мантлер, Г. М. Жуманазарова. - Министерство образования и науки Республики Казахстан. - Алматы : "Бастау", 2018. - 256 с

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы		044-48/19- 2024-2025 44 беттің 42 беті

4. Устенова, Г. О. Применение сверхкритической углекислотной экстракции в фармацевтической технологии / М-во здравоохранения РК; Каз. нац. ун-т им. С. Д. Асфендиярова Алматы : Эверо, 2012. - 100 с
5. Арыстанова Т. А. Биологиялық материалдан экстракция әдісі арқылы оқшауланатын улы және күшті әсерлі заттар топтары: химия-фармацевтикалық факультетінің IV-курс білім алушытеріне арналған оқу құралы - Алматы : Эверо, 2012

қосымша:

6. Машковский М.Д. Лекарственные средства. Харьков, - 2008. – Изд. 15.
7. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 1 – Алматы. – Издательский дом: «Жибек жолы».– 2008.– 592 с.
8. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. – том 2. – Алматы.– Издательский дом: «Жибек жолы».– 2009. – 792 с.
9. Сағындықова Б.А. Дәрілердің өндірістік технологиясы. – Алматы.– 2011. – 346 б.
10. Торланова Б.О. Машины и автоматы для фасовки и упаковки лекарственных форм.– Шымкент.– 2003.– 166 с.

8.Бақылау (сұрақтар, тесттер, есептер және т.б.):

Ситуациялық есеп:

Есеп 1. 6 л кортинді сұйылту үшін қанша су керек, егер биологиялық талдамадан кейін белсенділігі 14 (нормада 1 мл 10 ЕД) болса?

Есеп 2. Талдамадан кейін тиреодин ұнтағындағы йодтың мөлшері 029% (жіберлетін максималды мөлшері 0,23%) көп болса онда қандай мөлшерде сүт қантын қосамыз?

Бақылау сұрақтары:

1. Органдық препараттардың анықтамасын беріңіз.
2. Жануарлар шикізатынан алынатын препараттар өндірісінің ерекшеліктері қандай?
3. Фармакологиялық белсенді заттар сипаттамасы және технологиялық белгісі бойынша органдық препараттар қалай жіктеледі?
4. Органдық препараттар өндірісінің жалпы әдістері қандай? Органдық препараттар өндірісіне қойылатын талаптар.
5. Бастапқы шикізатқа қандай талаптар қойылады? Өңдеу және сақтау жағдайлары қандай?
6. Органдық препараттар өндірісінде еріткіштер ретінде қандай экстрагенттер қоланылады?
7. Органдық препараттарды балласты заттардан (майлар, ақ уыздар), төмен молекулалы заттардан тазарту үшін қандай әдістер қолданылады?
8. Жануралар шикізатынан алынатын сығындылардан индивидуалды заттарды бөліп алу үшін қандай әдістер қолданылады?
9. Ферменттер препараттары қалай жіктеледі? Жануарлар шикізатынан алынатын ферменттік препараттардың технологиялық ерекшеліктері .Олардың номенклатурасы мен босатылу түрлері.
10. Гормондар препараттары қалай жіктеледі? Адиурекрин, питуитрин, тиреоидин препараттарының алынуының технологиялық схемасы. Олардың өндірісіндегі айырмашылықтар мен ерекшеліктер.
11. Жануарлар шикізатынан алынатын витаминдер препараттарын атаңыз. Олардың технологиясының ерекшеліктері.
12. Сыртқа қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы.
13. Ішке қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы.
14. Парентералды қолданылатын органдық препараттар өндірісінің технологиялық схемасы.
15. Органдық препараттар қалай стандартталады?
16. Органдық препараттардың шығарлу түрі қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы

044-48/19-
2024-2025
44 беттің 43 беті

OÑTÜSTIK QAZAQSTAN

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Фармацевттік өндірістің технологиясы» кафедрасы

044-48/19-
2024-2025

44 беттің 44 беті